

«Тексерілді»
«№23 «Толатай» бөбекжайы»
жедел басқару құқығындағы
МКҚК әдіскері
Лидия К.Е.Берниязова

Тақырыбы: «Көгершіндер әні»



Дайындаған: Тагжанова Г.У.

2025 жыл

Тақырыбы: Көгершіндер әні.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Музыкалық жетекші Б. Жүсіпәлиевтің «Көңілді марш» әуенін қосып, балаларды залға кіргізеді. Балалар көңілді алыммен залдың ортасына келіп тұрады.

(Б. Жүсіпәлиевтің «Көңілді марш» әуенінің аудиосы)

Педагог балаларды шеңберге отырғызып:

- Балалар, құстар біздің досымыз! Біз құстарды жақсы көреміз! Иә.
- Балалар, жыл құстары жылы жақса ұшып кетті. Қалған құстар қорғаныс, оларға біз қамқоршы болуымыз керек.
- Балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Бәрекелді! Енді, менімен бірге такіак пен қимылды қайталаймыз:
Құстар болып самғаймыз (балалар қолдарын канат сияқты жанына жаяды),
Аспан төрін шарлаймыз (балалар қолдарын канат сияқты жанына сермейді).
Туган жерді қимаймыз (балалар қол білезіктерін айналдырады),
Біз алысқа бармаймыз (балалар қолдарын жанына жібереді).
Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.
- Тамаша, балалар!
- Балалар, әдемі шеңбер жасауға дайындалайық!

Балалар шеңбер жасайды.

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші:

- Балалар, мені айнала шеңбер жасап тұрайық, енді музыка басталмай тұрып, шөже болып көрейікші!

Музыкалық жетекші Г. Гусейинидің «Шөжелерім» атты шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді.

(Г. Гусейинидің «Шөжелерім» атты шығармасының аудиосы)

Балалар шеңбер бойымен тұрып, аяқтарын өкшелерімен кезек-кезек алға қойып жаттығулар жасайды. Бір аяқты алға қойып, екі қолдың білезіктерін айналдырады. Екінші аяқты да алға қойып, екі қолдың білезіктерін айналдырады. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, төмен түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді.

Орындарында тұрып, қолдарын оң және сол жаққа кезек-кезек айналдырады. Педагог:

- Балалар, тактаға қараңдаршы, балапандар қалай билейді? Біз де осы балапандар сияқты қимылдар жасайық.

- Қолымызды бүгіп, екі жанымызға жіберіп, шынтағымызды әрі-бері қозғаймыз. Сал алға қарай бүгіліп, қолымызды екі жанымызға канат сияқты жайып, қимылдар жасаймыз. Аяқтарымызды кезек-кезек алға қойып, балапан секілді жерге тигіземіз. Жарайсыңдар, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ. 2.1. Ән тыңдау

Музыкалық жетекші балаларды шеңбер бойымен отырғызады.

- Балалар, бәріміз тактаға қарайық.

Балалар тактаға қарайды.

- Балалар, бейнебаяннан не көріп тұрсыңдар? Торғайларды. Жақсы!
- Торғайлар не істеп жатыр? Жем жеп жатыр. Жақсы.
- Осы кіп-кішкентай торғайлар ән салады. Балалар, тыңдап көрейік пе? Тыңдаймыз.
- Балалар, торғайлар қалай шықылықтайды екен? Шық-шық-шық. Тамаша!
- Торғайлар туралы ән бар екен, соны тыңдап көрейік.
- Олай болса, балалар, бүгін А. Райымқұлованың «Торғай әнін» тыңдаймыз.

(А. Райымқұлованың «Торғай әні»)

Балалар әнді тыңдайды. Музыкалық жетекші балаларға әннің сыр-сипатын түсіндіреді.

- Балалар, ән торғайлардың өзі сияқты көңілді. Солай ма? Иә.

- Тағы да тыңдап көрейікші?! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қойып, денемізді еркін ұстаймыз.

Торғай, торғай тоқылдап,

Жерден дәнді шоқып ап.

Секіреді жүреді,

Дәнді жерден тереді!

- Кәне, балалар, шапалақтап отырып, сөздерін менімен бірге тағы да қайталап көрейікші! Керемет!

- Бұл ән не туралы? Торғайлар туралы.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Көңілді паровоз» дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсат-міндеттері: балаларға пьесаларды сын-сипатына қарай ажырата білуді үйрету.

Ойын материалы: қатты картоннан жасалған паровоз бен аңдардың суреттері.

Ойынның барысы:

«Көңілді паровоз» балалар жаққа қаратылып әдістемелік үстелге қойылады. Музыкалық жетекші бос терезелерге балалардың назарын аударта отырып, паровоз бен оның вагондарын қарап шығуды ұсынады.

Паровозға машинист пен жолаушылар қажет болғандықтан, оның ұзақ жолға шыға алмай тұрғанын хабарлайды. Вагондағы орындарға кім отыратындығын анықтауға музыка көмектеседі. Музыкалық жетекші «Қорбанбай аю» пьесасын тыңдауды және оның атауын еске түсіруді ұсынады. Балалар пьесаның атауын табады, сөйтіп «Аш қасқыр», «Айлакер түлкі», «Көңілді қояндар» пьесасы кейіпкерлерін вагондарға отырғызу керектігі айтылады. Ойын екі топпен өткізіледі. Пьесаның атауын дұрыс тапқан балаларға көгершіндер бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.

2.3. Дауыс жаттығулары

Ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындау міндетті болып табылады. Музыкалық жетекші мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

- Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз.

Жарайсыңдар!

- Балалар, менімен бірге қайталаймыз.

- Ооо, ооо, ооо.

- Біз айтамыз «-до», Қайталаймыз. Тамаша!

- Бір орында тұрмаймыз, жүгіреміз секі - ре - міз, «-ре». Қайталаймыз.

- Миникамен күлеміз, күлеміз кәне, «-ми» (секі рет қайталанады). Жаксы!

- Досымызға айтамыз,

- Қандай күшті «-фа» Қайталаймыз. Тамаша!

- Досым менің ол, ол,

- Дейді маған «-соль», қайталаймыз.

- Біз бәріміз әндетіп,

- Ән саламыз «-ля-ля-ля».

- Тамаша, балалар!

2.4. Ән салу

- Балалар, көгершіндер қандай құстар? Бейбітшілік құсы. Жарайсыңдар!

- Балалар, тақтаға қарайықшы?!

- Балалар, қандай құстың бейнесін көріп тұрсыңдар? Көгершінің. Жаксы.

- Балалар, суреттегі көгершін ерекше көрінеді. Солай ма? Иә.

- Көгершін несімен ерекшеленіп тұр? Әлемі! Тамаша!

- Балалар, осы көгершіндер туралы тамаша ән бар, соны айтып үйренеміз.

Педагог Н.Тілендиевтің «Көгершіндер әні» тыңдатамы.

(Н.Тілендиевтің «Көгершіндер әні» аудиосы)

Интербелсенді тақтаға қосып, көгершіндердің тіршілігін көрсетеді.

- Қандай керемет! Балалар, көгершіндер білген жүр.

Балалар да қызығып қарайды.

- Қазір әнді тыңдаймыз.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды.

- Әнде не туралы айтылады? Көгершіндер туралы. Жарайсыңдар, балалар!

- Әнді жазған сазгер кім? Н. Тілендиев. Жарайсыңдар, балалар!

Балалар, хор мінбесіне барып тұрады. Әнді ұнтаспаға қосылып айтады. Әннің шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындайды. Музыкалық жетекші әнге дирижерлік етеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын калағалайды.

- Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тактадағы» әннің ырғақты суретін көрсететін үлкен, кіші торғайларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуда «әнші көгершіндер» де келді.

Балаларға көгершіндермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуда шақырады.

Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызып, қайырмасын барлық топқа бірге қосылып орындауды үйретеді.

- Балалар, орындарымыздан тұрып, көгершіндер сияқты қанатымызды қағайық!

Жарайсыңдар!

2.5. «Үйінен таны» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсат-міндеттері: балаларға аспаптардың дыбыстарын есту арқылы оларды ажырата білу қабілетін дамыту.

Ойын материалы: дабыл, сымдырмақ, үскірік (окарина), ксилофон, керме (шпрма).

Ойын барысы.

Музыкалық жетекші керменің аржағында тұрып, аспаптарда ойнайды. Балалар қандай аспаптың үні екендігін табулары керек. Балалар аспаптардың дыбыстарын ажырата алмаған жағдайда музыкалық жетекші аспаптарда қайтадан ойнайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, қандай құстың үні естіледі?

- Естіп отырсыңдар ма?

- Торғайдың!

- Сендерге ұнай ма?

- Иә.

- Балалар, бүгін қандай ән тыңдадық? «Торғайлар» әнін.

- Әнін жазған сазгер кім? А.Райымқұлова.

- Қандай ән айттық? «Көгершіндер» әнін.

- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы құстарға арналды. Құстар өте нәзік, сезімтал. Құстар қорғансыз. Балалар, құстарды көргенде оларға жем берейік. Оларға тиіспейміз, мазаламаймыз. Құстарға қамқорлық көрсетуіміз керек. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеті аяқталды, сау болыңдар!

